

«Келісілді»

«Солнышко» шағын орталығының

әдіскері

Жасаак Жаак А.А.

«Бекітемін»

«Михайлов ОЖББМ»

мектеп басшысының м.а

Терманова В.В.

Жасаак 2026ж



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2025 - 2026 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Солнышко» шағын-орталық

Топ: Қарлығаш тобы

Балалардың жасы : 1 жастан 2 жасқа дейінгі

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
		Ерте жас тобы( 1 жастағы балалар)	Кіші тобы (2 жастағы балалар)
Ақпан 2026 ж.	Дене тәрбиесі	<b>Жалпы міндет:</b> -қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау; <b>Негізгі қимылдар.</b> -текшелердің, кегльдердің, құрсаулардың, таяқтардың арасымен топпен жүру;	<b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолдарыңызды артқа, артқа тартуды үйрету; оларды бүгу және ұзарту; Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға

	<p>Еңбектеу, өрмелеу. күрсаудан еңбектеп өту (диаметрі 45 сантиметр); Домалату, лақтыру. -допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> -саусақтарды жұмып, ашу; <b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> -Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта кимылды ойындар ұйымдастыру; <b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.</b> -гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.</p>	<p><b>арналған жаттығулар.</b> Алға және екі жаққа еңкею. <b>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. <b>Негізгі кимылдар:</b> <b>Жүру.</b> Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. <b>Жүгіру.</b> Балалардың , шашырап жүгіру қабілеттерін дамыту. <b>Секіру.</b> 10-15 см биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. <b>Домалату, лақтыру.</b> Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 м арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 м арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін еңбектеуді бекіту. <b>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</b> Тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу дағдыларын қалыптастыру. <b>Спорттық жаттығулар</b> Шанамен сырғанау: шанаға отырып.</p>
--	---	---

		<p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</b>  Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өзбетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкапка немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b>  Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p> <p>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p><b>Жалпы міндет:</b>  - 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету.</p> <p><b>Сөзді түсіну.</b>  - түсінетін сөздер қорын кеңейту.</p> <p>Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші), заттардың күйін (таза, кір), мерзімдік (қазір), сандық (біреу, көп) қатынастырады;</p> <p><b>Белсенді сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру</b>  Балалардың белсенді сөздігін байыту: көлік құралдарының атауларын білдіретін зат есімдер; іс-әрекетті білдіретін етістіктер; түсті, пішінді білдіретін</p>

	<p>- туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке), төрт түліктің (ат, тай, бота) айтуға баулу;</p> <p>- сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін, карама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу) етістіктермен, заттардың түсін, пішінін, білдіретін сын есімдермен толықтыру;</p>	<p>сын есімдер.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөз тіркестерін жасауға үйрету (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын бақылау.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Балаларды кітаптардағы суреттерді қарауға баулу, оларды таныс заттарды атауға шақыру, мұғалімдердің өтініші бойынша көрсету.</p>
Көркем әдебиет	<p>- ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелермен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу</p>	<p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Көркем шығарманы көрнекі сүйемелдеусіз тындай білуге үйрету.</p>
Сенсорика	<p>Жалпы міндет:</p> <p>- интеллектуалды сезімді тәрбиелеу (жаңаны тануда қуанышқа бөлену).</p> <p>- күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу, қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып, кіргізе білу..</p>	<p>Түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауға үйрету.</p>
Қоршаған әлеммен	Жалпы міндет:	Бала, оның отбасы, үйі

таныстыру	<p>- баланы әрекет түрлеріне, ойын арқылы өзіне - өзі қызмет көрсетуге, адамгершілік құндылықтарға баулу;</p> <p>- мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу.</p> <p>айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.</p>	<p>Әлеуметтік тәжірибені қалыптастыру; үйің, пәтерің тану.</p> <p>«Заттық әлем: Бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануды үйрету.</p> <p><b>Еңбекке баулу:</b> Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару..</p> <p><b>Адамгершілікке баулу:</b> Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Табиғат әлемі : Жансыз табиғат (су,қар) және олармен әрекет ету (қарды айналдыру) туралы идеяларды қалыптастыру, олармен ойнау және тәжірибе жасау.</b></p>
Құрастыру		Қарапайым құрылысты үлгі бойынша салу дағдыларын бекіту,өзбетінше құрастыруды қолдау
Сурет салу		Бейнелерді парақ бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	<p>Жалпы міндет:</p> <p>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;</p> <p>Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге үйрету;</p>	<p>Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.</p> <p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) бекіту.</p>
Жапсыру		Фланелеграфте машиналарды, қарапайым әдістерін орналастыруын жалғастыру.

Музыка	<p>- балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тындауға үйрету;</p> <p>- ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын (құс, аю, қоян) көрсетуге ынталандыру;</p>	<p><b>Музыка тындау:</b> Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу (баяу және көңілді әндер) дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру..</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білуді жалғастыру.</p>
--------	---	--